

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ТАПСЫРАТЫН КУРСАНТТАРҒА
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНА 50 ЖЫЛ
(1969 - 2019)**

**ҚАРАҒАНДЫ
2019**

Тарих – күнделікті даму үстіндегі ғылым. Ең алдымен, бұл әлемді ашу, оның өткенін зерттеу. Өткенді оқи отырып, біз қазіргі кезеңді түсінеміз және келешекке бағдар жасаймыз. Тарих - гуманитарлық пән ретінде өсіп келе жатқан ұрпақтардың дүниетанымдығын қалыптастыруға аса зор әсерін тигізеді. Осыған байланысты Отан тарихы бойынша білімді игеру - аса зор білім беру және тәрбиелік маңызы бар.

«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» курсы бойынша оқу-әдістемелік ұсыныстар гуманитарлық білім Тұжырымдамасы негізінде, оқытылып отырған пән бойынша білім алушылардың біліктілік сипаты және Қазақстан Республикасы құқық қорғау жүйесіндегі жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау оқу жоспарына сәйкес дайындалды. Осы курс оқитындар «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша тұтастай білім алатынына, тарихи үдерістің мәні мен сипатын ашатынына сенеді. Әдістемелік ұсыныстар жекелеген білім алушыларды сұрауды және кәсіби-бағдарды есепке ала отырып, осы пәнді өзіндік оқуға кеңінен мүмкіндік береді; қазіргі Қазақстанның тарихы үдерісіне талдау жүргізуді ұсынады; өткен ата-бабаларымыздың тарихындағы келеңсіздіктер мен қателіктерді оқып білу, сонымен қатар өткен жылдар тәжірибесі есебінен тарихи құбылыстарды құрайды.

Әдістемелік ұсыныстар «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінің негізгі тақырыптары бойынша қысқаша кеңестер ұсынады, сонымен қатар іштей және сырттай оқыту факультеттері білім алушыларына көмекші құрал ретінде дайындалды. Берілген құралдың негізгі ережесі оқитындардың қорытынды бақылау білімін ауызша түрінде әдісімен жүргізуді есепке ала отырып жасалды.

Әрбір оқылған тақырыптардан кейін ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі беріледі.

Әдістемелік ұсыныстардың негізгі мақсаты – білім алушыларды Қазақстанның қазіргі заманғы тарихындағы маңызды кезеңдер мен оқиғаларға бағыт беру.

Пәннің негізгі міндеттері болып табылады:

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік және саяси тарихы бойынша білімдерін кеңейту;

- Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі мәселелері мен міндеттерін білім алушыларға түсіндіру;

- Қазақ хандығының дамуының негізгі мәселелері мен ішкі және сыртқы талас-тартыстар нәтижесінде тәуелсіздігімізді жоғалтудың себептерін көрсету;

- Ұлттық тарихымызға деген қызығушылығын арттыру, Республикамыздың мәртебесін көтеруге және сақтауға тырысу.

Әдістемелік ұсыныстарда әлемдік қоғамдастықта тұтастай қабылдауды қалыптастырған тарихи сипаттар мен түсініктер қарастырылған.

1 –ші тақырып. Пәнге кіріспе.

Аталған тақырып бойынша Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы курсының пәні, мақсаты мен міндеттерін баяндап беріңіз.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсының пәні, мақсаты мен міндеттері жөнінде баяндаңыз. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» оқу пәнін қазіргі тұрғыда түсіну. Тарих, тұлға, мемлекет. Тарих және өркениет, Отан тарихының функциялары мен принциптері, Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының контекстінде жөнінде әңгімелеңіз. Ұлттық тарихтың басымдықтарына көңіл бөліңіз. «Қазақстан Республикасының тарихи сана калыптастыру тұжырымдамасына» көңіл аударыңыз (1995 ж.).

Қазақстанның қазіргі заман тарихын дәуірлерге бөлуге назар аударыңыз. Қазақстанның қазіргі заман тарихын зерттеудің негізгі әдістеріне көңіл бөліңіз. Отан тарихын зерттеуде жаңа тұжырымдамалық тұрғыдан қараңыз.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінен деректер мен әдебиеттерді қолдана отырып, Отан тарихын зерттеудің ерекшеліктеріне мән беріңіз. Қазіргі кезеңде Қазақстанның ұлттық тарихы проблемалары маңызының арта түсуіне мысалдар келтіріңіз.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана, 2017 жылғы 10 наурыз (өзгертулер мен толықтырулар).
2. Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі жөніндегі Декларация /Ведомости ВС РК. Алматы, 1990, №44.
3. Асфандияров С. Қазақстан тарихы. Алматы, 1993.
4. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы. Алматы, 1993.
5. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы. Астана, 2000.
6. Күзембайұлы А., Әбіл К. Қазақстан тарихы. Алматы, 1998.
7. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Төрт томдық. Алматы, 1997.
8. Ч. Мусин. Қазақстан тарихы. Алматы, 2007
9. А. Пірімбетова Қазақстан тарихы. Алматы, 2005
10. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030». Алматы, 1997
11. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
12. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Дағдарыстан дамуға». Астана, 06.03.2009 ж.
13. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа онжылдық. – Жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Астана 29 қаңтар 2010 жыл.
14. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалайық». Астана 28 қаңтар 2011 жыл.
15. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». Астана 27 қаңтар 2012 жыл.
16. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
17. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Астана 17 қаңтар 2014 жыл.
18. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Астана 11 қараша 2014 жыл.
19. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». Астана,

- 30 қараша, 2015 жыл.
20. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
 21. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992.
 22. Шаймуханов Д.А. Карлаг. Караганда, 1999.
 23. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Қазақстан даму институты. Алматы, 2000.
 24. Нүрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
 25. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
 26. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
 27. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
 28. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
 29. Уразбаева А.М. «Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.) Монография – Алматы, «Қазақ университеті» 2015. 196б.
 30. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
 31. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
 32. М.Е. Уалиев Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012
 33. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру». Астана, 5 қазан, 2018 жыл.

2-ші тақырып. Қазақстандағы тәуелсіздіктің тарихи алғышарттары: ұлттық мемлекет құру идеяларының кезеңдері.

Ішкі Ресейден орыс және басқа еуропалық тұрғындарды қазақ жеріне қоныстандыру ісінің қарқын алуы, экспедициялық зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, қоныстандыру мекемелері жүйесінің құрылуы, қоныс аудару келгендерге жасалған қолдау.

Қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылығындағы өзгерістер. Әкімшілік орындарының қазақ қожалықтарын жаппай отырықшы тұрмысқа аудару шаралары, осы мақсатта қолданған әдістері. Аграрлық қатынастардың шиеленісе түсуі.

Қазақ жерінде өнеркәсіп ошақтарының қалыптасу ерекшеліктері және оның отарлық сипаты. Ұсақ өнеркәсіп. Транспорт. Сауда. Банкі жүйесі. Еуропалық капиталдың енуі. Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы. Қазақ жұмысшыларын кемсіту және қанау ұстанымы.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
2. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
3. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
5. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
6. Уразбаева А.М. «Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.) Монография – Алматы, «Қазақ университеті» 2015. 196б.
7. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007

8. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы – А. 1995
9. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алаш – Орда. – А. 1995
10. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана. 2007
11. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. А-А.,1993.
12. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.. Астана,1999.
13. Концепция становления исторического сознания.
14. История Казахстана: белые пятна. А-А, 1991.
15. Козыбаев М. История и современность. Алматы,1992.
16. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Астана. 2005.
17. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
18. М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012.

3-ші тақырып. Азаматтық-саяси қайшылықтар.

Қазақ халқының ұлттық қозғалысының бастаулары. Ұлттық қозғалыс түрлерін сипаттау. Қазақ зиялыларының қалыптасуы: әлеуметтік құрамы, білімі, қызметі. Жәдидтік ағартушылық ойларының Ұлы Дала еліне ықпалы. Ресей империясының түрік-мұсылман халықтарының интеллектуалды элиталарының өзара ықпалдасуы. Мұсылмандардың қайырымдылық қоғамдары және олардың қызметі. 1905 жылғы 17 қазандағы патша манифесі. Қоғамда орталық биліктің атына арыз-тілектердің жазылуы. Қарқаралы петициясы. Орал және Торғай облыстарынан дін және жерге байланысты жазылған арыз-тілектер. Жер мәселесінің қойылуы. Бұл құжаттық материалдардың бағдарламалық сипаты.

Қазақтардың Ресейдің І-ІІ Мемлекеттік Думаларының жұмысына қатысуы. Думада қазақ жері туралы мәселенің қойылуы. Б.Қаратаев, Т.И.Седельников және басқа депутаттардың қызметі. Ә.Бөкейхановтың Мемлекеттік дума қызметіне арналған мақалалары. Аграрлық мәселе және қазақ депутаттары А.Бірімжанов пен Б.Қаратаевтың сөздері. Қазақ саяси элитасының (Ә.Н.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев және т.б.) Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу әрекеттері. Ұлттық зиялылар: қалыптасуы, құрамы, қоғамдық қызметі. Ғасыр басындағы қазақ ағартушылығы: ерекшеліктері, мақсаты, жеке тұлғалары. А.Байтұрсынұлының «Әліппе» (Оқу құралы) (1912). Қазақ кітаптары және оларда көтерілген қоғамдық мәселелер. А.Байтұрсынұлының «Маса», М.Дулатұлының «Оян, Қазақ!», Ш.Құдайбердіұлының, М.Ж.Көпейұлының, Ғ.Қараштың, Ә.Кердерінің және басқа қазақ жазушыларының кітаптары. Қазақ әдеби және ғылыми тілінің қалыптасуы. «Айқап» журналы (ред. М.Сералин), «Қазақ» газеті (ред. А.Байтұрсынұлы). Ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуы. Қазақ ұлтшылдығы: ерекшеліктері, мақсаты, қорғаныстық сипаты.

Ресейлік түркіліктің доктринасы: қазақ ұлттық қозғалысының қалыптасуына әсері. Қазақ зиялыларының дума жанындағы мұсылман фракциясы құрамындағы қызметі. 1907 ж. 3 маусым заңы бойынша қазақтан депутат сайлау құқының жойылуы. Қазақ саяси тобы өкілдерінің жалпыресейлік мұсылман съездеріне (С.-Петербург, Н.-Новгород) қатынасуы. Империяның түрік-мұсылман халықтарының консолидациясындағы «Иттифак-эль-муслиминнің» (Мұсылмандар одағы) рөлі. Ұлт-азаттық қозғалыс басшыларын қудалау. Жандарымдық-полицейлік тәртіптің күшеюі.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақ өлкесі. Қазақстандағы соғыс тұтқындары. Қазақстан аумағындағы халық бұқарасы жағдайының нашарлауы. Жалпыұлттық дағдарыстың пісіп-жетілуі. «Тыл жұмыстарына бұратаналарды реквизициялау» туралы 1916 ж. 25 маусымдағы жарлық, оның халыққа қарсы мәні. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы. Қозғалыстың көшбасшылары: А.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ә. Жанбосынов, Ұ.Саурықов және

басқалар. Қарқара көтерілісі («Албан көтерілісі») – 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу облысындағы орталығы. Орыс әскерлерінің жазалау әрекеттері. Көтерілістің жеңілу себептері және тарихи маңызы. Патша өкіметінің жазалау шараларының салдары. Қазақтардың Қытайға (Құлжа өлкесі, Қашқар), Ауғанстанға жаппай иммиграциясының алғашқы толқыны. 1916 жылғы көтеріліске қазақ зиялыларының көзқарасы. Тылдағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарының жағдайы. Ә.Бөкейхановтың шақыруымен тыл жұмысындағы жастармен жұмыс істеуге ұлт зиялыларының өз еркімен аттануы. Бұл азаматтық актінің салдары және тарихи маңызы. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында 1916 ж. көтерілісті бағалауға жаңаша көзқарастың қалыптасуы.

Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпалының ерекшелігі. Саяси партиялар: большевиктер, кадеттер, эсерлер, «Алаш», «Үш жүз», «Шуро-и-ислам», «Шуро-и-иулемия» және т.б. Қазақстандағы саяси биліктегі өзгерістер. Уақытша өкіметтің, жергілікті басқару органдарының құрылуы. Революциялық өзгерістерге байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ саяси басқарушы тобының Қазақ комитеттерін құруға байланысты шақырулары. Қазақ комитеттерінің құрылуы ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту әрекеттерінің көрінісі. Облыстарда өткізілген қазақ съездері және оларда қаралған мәселелер. Ұлттық саяси топ өкілдерінің Уақытша өкімет органдары құрамындағы қызметі. 1917 жылдың жазындағы саяси дағдарыс. Шілдедегі Жалпықазақ съезі және оның Алаш партиясын құру туралы шешімі. Партияның бағдарламасы. Жалпыресейлік Құрылтай Жиналысына депутаттар сайлау, Алаш партиясының жеңісі.

Жаңа заман дәуіріндегі ұлттық идея, ұлттық мемлекеттіктің қалыптасу эволюциясы. ЮНЕСКО шешімімен Алаш қозғалысының көшбасшысы Ә.Н.Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойының атап өтілуі.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
2. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
17. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
18. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
19. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
20. Уразбаева А.М. «Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.) Монография – Алматы, «Қазақ университеті» 2015. 196б.
21. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
22. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы – А. 1995
23. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алаш – Орда. – А. 1995
24. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана. 2007
25. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. А-А., 1993.
26. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.. Астана, 1999.
27. Концепция становления исторического сознания.
28. История Казахстана: белые пятна. А-А, 1991.
29. Козыбаев М. История и современность. Алматы, 1992.
30. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Астана. 2005.
17. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
18. М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012.

4-ші тақырып. Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы.

Аталған мына тақырыптарға қарастыру барысында мына мәселелерге көңіл аудару керек:

Қазақстан азаматтық соғыс жылдарында. Қазан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Тәуелсіз мемлекет қалыптастырудағы түркістандықтардың әрекеті. Қоқан автономиясын заңдастыру шаралары, сөз бен істің дәлелінің бір-біріне қайшылығы жарқын мысалы, Кеңес өкіметінің «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы». Қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құрудағы қызметіне баса назар аударыңыз. Екінші бүкілқазақстандық съезі және «Алаш» қозғалысы, Бүкілресейлік құрылтай жиналысының ұстанымы, Алаш Орда үкіметін өз жақтарына тарту, қазақтарға Кеңестік биліктің пайдасы, Алаш Орда үкіметінің тұңғыш Қазақ армиясын құруы және ұлттық мүддені қорғау жөнінде баяндаңыз.

«Ақтар» мен «қызылдардың» Қазақ даласындағы күресіне сипаттама беріңіз. Алаш Орда үкіметінің Қазақ ұлттық армиясының іс-әрекеттері мен саяси позициялары бойынша қазақ халқының екіге бөлінуі жөніндегі деректерге назар аударыңыз. Қазақ жерінде соғыс өртінің таралуы жөнінде әңгімелеу. Азамат соғысының қазақтардың дәстүрлі экономикасына зардабына назар аударыңыз. «Әскери коммунизм» саясаты көңіл бөліңіз. Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің ұлттық мемлекеттік құру идеясына қарсы іс-әрекеттері. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық республикасының құрылуы және ұлттық мемлекеттік идеясын таптық құрылысқа негізделген идеяға көшіру. Халықтың қатысуынсыз Қырғыз (Қазақ) АКСР территориясының анықталуы. Кеңестік тоталитарлық биліктің негіздерінің қалыптасуына назар аударыңыз.

Жаңа экономикалық саясатқа көшудің әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздері, сонымен қатар ЖЭС-тің маңызы мен оның ерекшелігіне назар аударыңыз. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің ашаршылыққа қарсы күресі. Қазақстандағы жер-су реформасының мақсатына, қоғамдық өмірге енгізген үдерістердің кемшілігі мен жүзеге асыру барысына назар аударыңыз. «Қазақ ұлтшылдығымен» Қазақ өлкелік партиялық комитеттің күресі. Түркістан ұлттық-мемлекеттік республикаларының шекараларының бөлінуі – біртұтас Түркістан идеясының жойылуы, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика құрамына қазақ жерін біріктіру, ЖЭС-тің сипаттамасы және оның қиындығы туралы баяндаңыз.

Қоғамдық өмірде биліктің күшейюі және Коммунистік партияның және оның ұйымдарының әсері, КСРО-ның құрылуы және ҚазАКСР-дің Кеңес одағы құрамына кіруі жөнінде әңгімелеңіз. Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы мазмұны және зардабы көңіл бөліңіз. Қазақ өлкелік партия комитетінің жер мәселесі бойынша отарлық шешімі. Ұлттық мүддені ойлаған қазақ зиялы қауым өкілдерінің Кеңес өкіметіне қарсы жасалған әрекеттерінің сәтсіздіктері жайында баяндаңыз.

Қазақ мемлекеттік қайраткерлерінің индустриаландыру мәселесіндегі ұстанған бағыты. Индустриаландыру мақсатындағы отарлаудың Қазақстандағы маңызына назар аударыңыз. Ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру қайшылықтары, шабындық пен жайылымдық жерледі бөлу және оның нәтижелері жайлы оқиғаларға назар аударыңыз. Қазақ ауылдарын кеңестендіру саясаты – қазақтың дәстүрлі қоғамын бұзу, қазақ байларының мүлкін тәркілеу және оның саяси-экономикалық салдары, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылығын күштеп отырықшылыққа көшіру, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, сонымен қатар ұжымдастырудың әдісі мен қарқыны жөнінде еске түсіріңіз. Еріктілік қағидаларының бұзылуы және адам құқығының бұзылуы, бай-кулақтардың шаруашылығын тарату жөнінде түсіндіріп беріңіз. Қазақ дәстүрлі шаруашылық жүйесінің бұзылуы, күштеп ұжымдастыру мен жеке меншіктен айыруға қарсы халықтық көтерілістер жөнінде әңгімелеңіз. Қазақтардың шетел асуы және

оның қайғылы тағдыры жөнінде баяндаңыз. Сталиндік және голощекиндік геноцид: қазақтардың ашаршылықтан қырылуына көңіл бөліңіз. «Бесеудің хаты». Т. Рысқұловтың И.Сталинге жазған хаты – ащы шындықтың ақиқатына көбірек көңіл бөліңіз. Ашаршылықтың демографиялық салдары. 1930 жылдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығының ауыр жағдайын әңгімелеу.

Партиялық ұстанымның мәдени, қоғамдық-саяси өмірдегі, білім мен ғылымдағы, сондай-ақ ұлттық мәселедегі негізі мен оның салдары. С.Садуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаевтың саяси-теориялық ұстанымдарындағы мәселелері. Ф.Голощекиннің Алаш қозғалысының мүшелеріне қарсы әрекетіне назар аударыңыз. Қазақ ұлтының мәңгірттенуінің бастауы қазақ зиялыларының саяси репрессияға ұшырату жөнінде әңгімелеу.

Қазақстанды әкімшілік-территориялық бөлу тоталитарлық билікке бастар жол. КСРО мен ҚазКСР конституцияларының – сөз бен істің қарама-қайшылығы. Сталиндік репрессияның ауыр салдары. Қиыр Шығыстан кәрістерді Қазақстанға күштеп көшіру, адам құқықтарының тапталуы. М.Шоқайдың эмиграцияға кетуі, саяси қайраткерлігі мен түрік руханиятына сіңірген еңбегі.

Солшыл большевиктердің идеясының мәдени өмірде бекуі, қазақ халқының рухани зұлматы жайында әңгімелеу. Мәдениеттің ұлттық негізінің бұзылуы, әдебиет пен өнерде социалистік шындық, театр және музыка өнері, сонымен бірге Қазақстан жазушылары мен сазгерлерінің шығармашылығына баса назар аударыңыз. Мәскеудегі Қазақстан әдебиеті мен өнер күндері – ұлттық рух өміршеңдігінің айқын дәлеліне көңіл бөліңіз.

Кеңес үкіметінің білім мен ғылымдағы реформаның қарама-қайшылығына, сауатсыздықпен күресуіне назар аударыңыз. Білім жүйесін қалыптастыру, ағарту саласындағы қарама-қайшылық, қазақ тілінің араб қарпінен кириллицаға көшуі, А.Байтұрсыновтың жетекшілігімен реформаға қарсылық білдіру, ғылым мен ғылыми мекемелердің дамуы, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының құрылуы туралы айтып беріңдер .

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
2. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
31. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
32. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
33. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
34. Уразбаева А.М. «Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.) Монография – Алматы, «Қазақ университеті» 2015. 196б.
35. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
36. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы – А. 1995
37. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алаш – Орда. – А. 1995
38. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана. 2007
39. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. А-А.,1993.
40. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.. Астана,1999.
41. Концепция становления исторического сознания.
42. История Казахстана: белые пятна. А-А, 1991.
43. Козыбаев М. История и современность. Алматы,1992.
44. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Астана. 2005.
17. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
18. М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012.

5-ші тақырып. Фашистік басқыншылыққа қарсы күрестегі қазақстандықтардың ерлігі мен қасіреті.

Аталған сұрақтарды қарастыру барысында мына мәселеге назар аудару керек:

Кеңес үкіметінің екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары. Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани жағдайы. Неміс әскерінен Отан қорғаудың басталуы туралы түсінік беріңіз. Қазақстанның майданға жақын аймақтарына халықты, өнеркәсіптік кәсіпорындар және мәдениет объектілерін эвакуациялау жайлы деректер келтіріңіз. Республиканың әскери өмірге бейімделуі, қазақстандықтардың партизан қозғалысы мен Қазақстанда жасақталған әскери бөлімшелердің ерлігі туралы патриоттық рухта баяндап беріңіз. «Әскери тұтқындардың қайғылы тағдыры – қазақстандықтардың қасіреті» тақырыбында түсінік беріңіз. Әділетсіз Кеңес өкіметінің жарқын мысалы, қазақстандықтардың батырлықтарын бағаламауы туралы мысалдар келтіре отырып, әңгімеленіңіз.

Фашистердің «Түркістан легионын» құрудағы қызметіне назар аударыңыз. Соғыс жылдарындағы М. Шоқай қайраткерлігінің ақиқаты мен аңызын әңгімелеп беріңіз.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл жұмыскерлерінің жасаған ерлігін әңгімелеп беріңіз. Қазақстандықтардың соғыстан қираған аудандарды қайта қалпына келтіруге көмектесуі, екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесі мен оның әлемге тигізген қасіреті туралы баяндаңыз.

Соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және халықтық білім туралы әңгімелеп беріңіз.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
2. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
3. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
5. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
6. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана. 2007
8. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. А-А.,1993.
9. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.. Астана,1999.
10. Козыбаев М. История и современность. Алматы,1992.
11. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Астана. 2005.
12. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
13. М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012.

6-шы тақырып. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары.

Аталған сұрақтарды қарастыру барысында мына мәселеге назар аудару керек, айта кетсек «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсының пәннің оқуда кейінгі жылдары біраз өзгерістер пайда болды. Осыған байланысты Қазақстан соғыстан кейінгі ауыр жылдардағы өмірі, бейбіт кезеңге өтудегі қиындықтар, әскери-өндірістік базаны күшейтудің басталуына тоқтала отырып, Қазақстанның халық шаруашылығындағы мәселелері мен Қазақстан территориясындағы қолданыстағы ядролық полигондардың салдарына назар аударыңыз.

Ауыл шаруашылығын басқарудағы командалық-әкімшілік әдістердің асқынуы, колхоздарда Кеңестік биліктің бекуі, ауылдық жердегі жұмыскерлердің жеке бастамаларын шектеуіне талдау жасау керек.

Адам құқықтарын шектеуге бағытталған қоғамдық өмірде партиялық бақылаудың күшеюі, тарихи еңбектерден ұлтшылдықты іздестіру, «Қазақ КСР-нің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» еңбегінің қайғылы тағдырына тоқталыңыз. Е. Бекмаханов, Қ. Сатпаев, Б. Сүлейменов және т. б. еңбектеріндегі «қателіктерді» анықтау, қазақтың тұңғыш кәсіби тарихшысы Е.Б.Бекмахановты сұлтан Кенесары Қасымұлы көтерілісі тарихын «объективті емес» тұрғыдан қарағаны үшін айыпталуына деректер келтіре отырып, баяндаңыз. Хан Кене туралы тарихи әдебиеттерде. «Зар заман» ақындарының шығармаларын «феодалдық» тұрғыдан қарап тыйым салғаны, қызметтің барлық салаларында «кеңестік цензура» рөлінің өсуі жайлы не білесің?

Жалпы жеті жылдық білім жүйесін құру, арнаулы жоғары және орта оқу орындарының ашылуы, кәсіби-техникалық білім жүйесінің қалыптасуы және Қазақ Ғылым Академиясының құрылуына назар аударыңыз.

Н.С. Хрущевтің партиялық-мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформасы және оның ағаттығы мен ұлттық мәселелердегі шектеулерді күшейтуі жайлы баяндап беріңіз. Республика басшылығының Одақтық басшылықпен өзара қарым-қатынастары арасындағы күрделілік, Теміртау оқиғасы жөнінде еске түсіріңіз. Реформа бағыттарының толық жүзеге аспауының себептері қандай? Қазақ КСР-і және КСРО-ның аумақтық дауды шешуде қайшылықтарына ұлттық мүддеге Мәскеудің селқос қарауына назар аударыңыз.

Ауыл шаруашылығын көтеру бойынша іс-шаралар командалық-әкімшілік әдіспен қалай жүзеге асты? Әкімшіліктік әдістен экономикалық әдіске көшуге неге ұмтылды? Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің кезеңдері мен нәтижелері және экологиялық зардаптары жөнінде мысалдар келтіре отырып, баяндап беріңіз. Материалдық-техникалық жабдықтау жолдарын іздестіру туралы, колхоздар мен совхоздарды құру себептерін анықтаңыз.

Экономикалық басқару саласындағы реформаларына назар аудара отырып әңгімелеп беріңіз. Ведомстволық министрліктер тарату және Халық шаруашылығы кеңестерін құру, Қазақстанда шикізаттық өнеркәсіп бағытының асқынуы жайлы не білесіз?

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
2. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
3. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
5. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
6. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана. 2007
8. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. А-А.,1993.
9. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.. Астана,1999.
10. Козыбаев М. История и современность. Алматы,1992.
11. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Астана. 2005.
12. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
13. М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012.

7-ші тақырып. Қазақстандағы "қайта құру" саясатының сипаты.

М. С. Горбачев демократиялық, реформаторлық қызметіндегі рөлі және КОКП командалық-әкімшілік басшылық арасындағы қайшылық. Жариялылық пен демократиялық аясындағы одақтас республикаларда пісіп-жетілген ұлттық қақтығыстар. Экономикалық дағдарыс. КСРО-ның командалық-әкімшілік жүйесіндегі демократиялық өзгерістер мен әрекеттері.

Экономикалық және реформаторлық бағыттағы саяси басқарудың өзгерістері жөнінде және «Қайта құру» мен «жариялылықтың» ел экономикасына әсері жөнінде әңгімелеу. Ұлттық республикалардың экономикалық өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыруды енгізудің талпыныстары қандай болды? Кезінде Одақтық басқару жүйесіндегі жекелеген мемлекеттік кәсіпорындарды ұлттық республикаларға қайтару жайында не білесің? Экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу жөніндегі іс-шаралардағы қандай шалалық істер болды?

Қазақстан ОК Компартиясының Бірінші хатшысы Д. А. Қонаев қызметінен шеттету және республика басшысының ауысуы, 1986 жылы Алматы және республиканың басқа қалаларындағы Желтоқсан оқиғасының шынайы ақиқаты жөнінде әңгімелей отырып, жастар мен зиялы қауым өкілдеріне қарсы ұлы державалық қуғын-сүргіннің жаңа толқынының басталуы, Орталық кеңес өкіметінің оқиғаларды қаншалықты бағалағаны жайында баяндаңыз. Ұлттық сана-сезімнің өсуі, Алаш қозғалысының қайраткерлерін ресми ақтау, жаңа қоғамдық ұйымдар мен партиялардың құрылуы туралы түсіндіре кетіңіз. Тұңғыш Президент сайлауы және президенттік институтты енгізу, «Тіл туралы» заңның қабылдануы, ҚазКСР Егемендігі туралы декларациясы, 1991 жылы тамыз төңкерісі, КОКП қызметін тоқтату, КСРО-ның құлауы және ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы) құрылуы сияқты оқиғаларға тоқтала кеткен жөн.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы, 1999.
2. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
3. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
5. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
6. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана. 2007
8. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. А-А.,1993.
9. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы.. Астана,1999.
10. Козыбаев М. История и современность. Алматы,1992.
11. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Астана. 2005.
12. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
13. М.Е. Уалиев. Қазақстан тарихы. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012.

8-ші тақырып. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының қалыптасуы.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында мына мәселелерге көңіл аудару керек:
«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасында алғашқы бүкіл халықтық Президент сайлауы. Қазақ КСР-ін

Қазақстан Республикасына өзгерту. Ұлттық және мемлекеттік құрылыстың Тәуелсіздікке ықпалы.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік даму стратегиясын айқындау. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қалыптасу мен даму стратегиясы» атты еңбегінің мәнін ашып беріңіз. Мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатын қалыптастырудағы Президенттің ролі қандай болды? Қоғамда конституциялық құрылыстың негіздерін құру, Қазақстан Республикасының рәміздерін елтаңбасы, ту, әнұранын бекіту, Қазақстан Республикасы қарулы күштерін құру туралы заңы, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлттық валютаны енгізу» туралы жарлығы және оның маңызына көңіл аударыңыз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын анықтау, Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, азаматтық бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты дамыту және мемлекеттік бірегейлікті нығайту шараларына мән беріңіз.

Жалпы халықтық референдумда қазіргі қолданыстағы Конституцияны қабылдау, Қазақстанда парламентаризмнің дамуына көңіл бөліңіз. Мемлекеттік басқаруда орталық пен өңірлер арасындағы деңгейлерінің өкілеттілігін шектеу және орталықсыздандыру туралы, жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту жайлы әңгімелеп беріңіз. «Қазақстан-2030» қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту, гүлдену және қауіпсіздік» атты Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына бірінші жолдауына баса назар аударыңыз. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары, Алматыдан астананы Астанаға көшіру кезеңін баяндап беріңіз.

Заңдарды ізгілендіру және құқықтық реформалар, құқық қорғау жүйесін онтайландыру, азаматтардың бостандықтарын қорғау және нығайту, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы және оның нәтижелеріне тоқталыңыз.

Республика аумағындағы ежелгі мемлекеттер және Қазақ хандығымен салыстырғанда қазіргі заманғы қазақ мемлекеттілігінің ерекшеліктері. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық даму жолының» бірегейлігі мен базалық құндылықтары жөнінде баяндап беріңіз.

Сұрақты қарастыру барысында «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (2012 жыл 14 желтоқсан). Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына көп көңіл бөлу қажет.

Аталған тақырыпты қарастыру барысында келесі әдебиеттерді қолдануға болады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана, 2017 жылғы 10 наурыз (өзгертулер мен толықтырулар).
2. Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі жөніндегі Декларация /Ведомости ВС РК. Алматы, 1990, №44.
3. Асфандияров С. Қазақстан тарихы. Алматы, 1993.
4. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы. Алматы, 1993.
5. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы. Астана, 2000.
6. Күзембайұлы А., Әбіл К. Қазақстан тарихы. Алматы, 1998.
7. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Төрт томдық. Алматы, 1997.
8. Ч. Мусин. Қазақстан тарихы. Алматы, 2007
9. А. Пірімбетова Қазақстан тарихы. Алматы, 2005
10. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030». Алматы, 1997
11. Назарбаев Н.Ә. Тарих тоғысында. Алматы. 1999.
12. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Дағдарыстан дамуға». Астана, 06.03.2009 ж.

13. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа онжылдық. – Жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Астана 29 қаңтар 2010 жыл.
14. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалайық». Астана 28 қаңтар 2011 жыл.
15. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». Астана 27 қаңтар 2012 жыл.
16. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
17. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Астана 17 қаңтар 2014 жыл.
18. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Астана 11 қараша 2014 жыл.
19. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». Астана, 30 қараша, 2015 жыл.
20. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Қазақстан даму институты. Алматы, 2000.
21. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. Алматы, 1996.
22. Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане (хрестоматия) – Алматы, 2010.
23. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Өнер», 2003. – 552 б.
24. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия. (1917-1939). Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы, 2007.
25. Әбжанов Х. Қазақстан тарихы. Тіл. Ұлт. – Астана, 2007
26. Х.К. Уразбаев Қазақстан тарихы. Қарағанды, 2005
27. М.Е. Уалиев Қазақстан тарихы. .. /Дәрістер курсы/. Қарағанды, 2012
28. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру». Астана, 5 қазан, 2018 жыл.

9-шы тақырып. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі

Аталған сұрақтарды қарастыру барысында негізгі мәні экономикалық дамудың қазақстандық моделі бағытында болу керек.

Өтпелі кезеңнің қиындықтары экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, қылмыс, әлеуметтік бағдарланған нарық, жекешелендіру және бағаны ырықтандыру, инвестициялық саясат бойынша экономиканы қайта құрылымдау шараларын жасаудағы қиындықтарға тоқталған жөн.

Сонымен қатар экономикалық саналы кезеңдегі өзгерістер мен олардың нәтижелеріне, өнеркәсіп, аграрлық және қаржы-банк секторлары экономиканы дамытудың болашағы мен басым салаларына, қазіргі заманғы технологияларды енгізу, инвестициялық, салық, аграрлық-индустриялық саясат, инфрақұрылымды дамыту, әсіресе көлік және байланыс бағыттарын дамыту, экономиканы реформалаудың – кластерлік принципімен еңбек өнімділігі деңгейін арттыру жөнінде тоқтала кетіңіз. Стратегиялық маңызға ие жаңа темір жол магистралінің ашылуы мен Қазақстанның экономикасын дамыту үшін шетел капиталын тарту жөнінде әңгімелеу.

«Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» (2004 жылы 19 наурыз) атты Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан

халқына жолдауының маңызына тоқталыңыз. Әлемдік экономикалық дағдарысты және оны қалай сәтті өткергендігі, дағдарыстан кейінгі кезеңде қаржы секторы мен экономиканы дамыту елімізде қалай жүргізілді?

Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері мен индустриялық-инновациялық мемлекеттік даму бағдарламасы, оның алғашқы жетістіктеріне көңіл бөліңіз.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасының жалғасы жеделдетілген экономиканы жаңғырту» (2011 жыл 28 қаңтар). Қазақстанның экономикалық тұрақты даму траекториясы. ХХІ ғасырдағы Қазақстандық экономиканың моделі.

Қазақстан үшін ЭКСПО-2017 көрмесін өткізудің мәнін әңгімелеу. «Нұрлы Жол - болашаққа жол» жаңа экономикалық саясаты - Қазақстанның жаһандық сын-қатерлерге жауабы жөнінде баяндау.

Әлеуметтік реформалар мен әлеуметтік жаңғырту: кедейлікпен күресу бойынша мемлекеттік бағдарламалар, еңбекке қабілеттілікті арттыру, халықты жұмыспен қамту, жастарды, студенттерді қолдау, зейнетақы реформасы және әлеуметтік қолдау. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты - Қазақстан халқының әлауқатын арттыру» (2008 жыл 6 ақпан). Елдің еңбек әлеуеті, адами капиталды дамыту Стратегиясы. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту.

Денсаулық сақтауды және спорт пен дене тәрбиесін дамыту жөнінде әңгімелеу. Олимпиада ойындарындағы Қазақстандық спортшылардың жетістіктері. Астана және Алматы қалаларында өткен 7-ші қысқы Азия ойындарына тоқтала кеткен жөн.

Халықтың жеткілікті қамтамасыз етілмеген топтарын қолдау және көмек көрсету. Бюджеттік ұйымдарда жалақыны көтеру. Ұлт болашағын қалыптастырудың негізі салауатты өмір салтына назар аударыңыз.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті мақсаттары мен міндеттері қандай? Білім беру жүйесі мазмұнын жаңғырту жөнінде, Қазақстанның 2010 жылы Болон процесіне қосылуы және Болон декларациясына қол қою туралы, үш сатылы мемлекеттік мамандарды дайындау – бакалавр – магистр – доктор PhD жайында, техникалық және кәсіптік білім беруді қайта құрылымдау жөнінде қысқаша анықтама беріңіз.

